Әділет

# Геология және су ресурстарын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 678 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 678 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Жерасты су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларына арналған рұқсатты келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын жүргізуге жобалық құжаттаманы, жерасты су объектілері арқылы коммуникация құрылысының жобаларын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Жерасты су объектілерінің жай-күйіне, сондай-ақ орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау кезінде жерасты су объектілерінен тікелей жерасты суларын алуға әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Болашақ құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе маңызының аздығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерге жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) «Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарттар жасасу» мемлекеттік

көрсетілетін қызмет стандарты;

8) «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, оларды тіркеу және сақтау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді жүргізу, барлауға немесе өндіруге байланысты емес құрылыс және (немесе) жерасты ғимараттары үшін берілген жер қойнауының учаскелеріне арналған сервитуттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) «Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) «Кеден одағы аумағының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты әкетуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

12) «Жобалау ұйымы әзірлеген жер қойнауы объектілерін жою немесе консервациялау жобаларын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

13) «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингілеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасы бойынша қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

14) «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған келісімшарт (шарт) жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 26 ақпандағы
№ 153 қаулысымен
бекітілген

**«Жерасты су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларына арналған рұқсатты келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жерасты су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларына арналған рұқсатты келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 10 (он ) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – жерасты сулары объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларына арналған рұқсатты келісу.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) жерасты су объектілерінің сарқылуына жол бермеуге бағытталған су қорғау іс-шараларының бағдарламасы;

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта

тіркелгені) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды түрде расталған көшірмесі;

4) жеке тұлғалар үшін – жеке куәліктің көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқталғанға дейін жарамды болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес

жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы « жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» деген бөлімінде көрсетілген.

13. Көрсетілетін қызметті алушы бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәртебесі мен тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 36 55, 74 34 59. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы

№ 153 қаулысымен бекітілген

## «Жерасты су объектілері арқылы коммуникация құрылысының жобаларын, бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын жүргізуге жобалық құжаттаманы келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Жерасты су объектілері арқылы коммуникация құрылысының жобаларын, бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын жүргізуге жобалық құжаттаманы келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

### 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жерасты су объектілері арқылы коммуникация құрылысының жобаларын, бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын жүргізуге жобалық құжаттаманы келісу.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) бұрғылау және басқа да тау-кен жұмыстарын жүргізуге, жерасты су объектілері арқылы коммуникациялар салу жобаларына арналған жобалық құжаттама;

3) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі;

4) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды түрде расталған көшірмесі;

5) жеке тұлғалар үшін – жеке куәліктің көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқталғанға дейін жарамды болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-

кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы « жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» деген бөлімінде көрсетілген.

13. Көрсетілетін қызметті алушы бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәртебесі мен тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 36 55, 74 34 59. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

## «Жерасты су объектілерінің жай-күйіне, сондай-ақ орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау кезінде жерасты су объектілерінен тікелей жерасты суларын алуға әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жерасты су объектілерінің жай-күйіне, сондай-ақ орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау кезінде жерасты су объектілерінен тікелей жерасты суларын алуға әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын

пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – жерасты су объектілерінің жай-күйіне, сондай-ақ орталықтандырылмаған ауыз сумен жабдықтау кезінде жерасты су объектілерінен тікелей жерасты суын алуға әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға қорытынды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) жобалық құжаттама;

3) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі;

4) пайдалы қазбалардың, оның ішінде: ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары көздерінің жоқ екені туралы қорытындының көшірмесі;

5) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды түрде расталған

көшірмесі;

6) жеке тұлғалар үшін – жеке куәліктің көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқталғанға дейін жарамды болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді

жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы « жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» деген бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәртебесі мен тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 36 55, 74 34 59. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

**«Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу жөніндегі тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 15 (он бес) күнтізбелік күн;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт жасасу бойынша тікелей келіссөздерге қатысуға арналған өтінімге қорытынды.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) тікелей келіссөздерге қатысуға берілген өтінімнің көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп

түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпарат мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» деген бөлімде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы бірыңғай байланыс орталығы – 1414 телефоны арқылы мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі мен тәртібі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 35 19, 74 35 50. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

# «Болашақ құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе маңызының аздығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Болашақ құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе олардың маңызының аздығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – болашақ құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе олардың маңызының аздығы туралы қорытынды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Қағаз жеткізгіште рұқсат алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, географиялық координаталардағы құрылыс объектісінің орналасқан жері көрсетілген электрондық құжат нысанындағы өтініш;

өтініштің көшірмесіне көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, тіркелгені туралы белгі қойылуы қағаз түріндегі өтінішті қабылдауды растау болып табылады;

2) порталға:

заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, географиялық координаталардағы құрылыс объектісінің орналасқан жері көрсетіліп, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

портал арқылы өтініш берген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетіп, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұраудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі;

жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен

куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайында орналасқан Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда,

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде орналастырылады.

13. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

**«Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерге жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерге жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 9 (тоғыз) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан жерлерге жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) беру;

Қағаз жеткізгіште рұқсат алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушының өтініші;

Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті аумақтық бөлімшесінің құрылыс салынатын алаңдарда пайдалы қазбалардың бар екені туралы қорытындысы;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті аумақтық бөлімшесінің құрылыс салынатын алаңдарда пайдалы қазбалардың бар екені туралы қорытындысының электрондық көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) тапсырған кезде – құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, оның көшірмесіне қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгінің қойылуы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу мерзімі көрсетіліп, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраудың қабылданғаны туралы мәртебесі көрінеді;

Жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен

куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, « Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағымдану тәртібі туралы ақпарат бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын

бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы т и і с .

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және стандарттар» деген бөлімінде орналастырылған.

13. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар .

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 35 19, 74 35 50. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы – 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

## «Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарттар жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарттар жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 15 (он бес) күнтізбелік күн;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарт.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі осы стандартқа қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) барлық қосымшаларын қоса алғанда, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттың жобасы (үш данадағы түпнұсқасы);

3) тікелей келіссөздер хаттамасы.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпарат мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға келісімшарттар жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

| Р/с № | Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы | Жұмыс режимі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Астана қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дей |
| 2 | Алматы қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Ақмола облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 4 | Ақтөбе облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 5 | Алматы облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 6 | Атырау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 7 | Жамбыл облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 8 | Батыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 9 | Қарағанды облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 10 | Қостанай облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 8.30-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14.00-ге дей |
| 11 | Маңғыстау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14.00-ге дей |
| 12 | Павлодар облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дей |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дей |
| 15 | Қызылорда облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дей |
| 16 | Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дей |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

**«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, оларды тіркеу және сақтау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, оларды тіркеу және сақтау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – қол қойылған және тіркелген кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған кеілісімшарт.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі осы стандартқа қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) жұмыс бағдарламасымен, бекітілген барлық жобалық құжаттармен, келісулер мен сараптамалар нәтижелерімен қоса келісімшарт жобасы – қағаз және электрондық жеткізгіштерде 3 (үш) данада.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпарат мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы

беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге келісімшарттар жасасу, оларды тіркеу және сақтау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
қосымша

| Р/с № | Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы | Жұмыс режимі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Астана қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 2 | Алматы қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 3 | Ақмола облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 4 | Ақтөбе облысының әкімдігі Ақтөбе облысының | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 5 | Алматы облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 6 | Атырау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 7 | Жамбыл облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 8 | Батыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 9 | Қарағанды облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 10 | Қостанай облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14 дейін. |
| 11 | Маңғыстау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14 дейін. |
| 12 | Павлодар облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| | | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ |

| | | |
|---|---|---|
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 15 | Қызылорда облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15 дейін. |
| 16 | Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

## «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді жүргізу, барлауға немесе өндіруге байланысты емес құрылыс және (немесе) жерасты ғимараттары үшін берілген жер қойнауының учаскелеріне арналған сервитуттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді жүргізу, барлауға немесе өндіруге байланысты емес құрылыс және (немесе) жерасты ғимараттары үшін берілген жер қойнауының учаскелеріне арналған сервитуттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 15 (он бес) күнтізбелік күн;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу кезінде құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыт – 10 (он) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді жүргізу, барлауға немесе өндіруге байланысты емес құрылыс және (немесе) жерасты ғимараттары үшін берілген жер қойнауының учаскелеріне арналған сервитуттарды тіркеу туралы хабарлама-хат.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру нысаны – қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – қызметті алушылар) ақылы негізде көрсетіледі.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес сервитуттарды мемлекеттік тіркеу үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алым алынады.

Мемлекеттік алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі осы стандартқа қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) сервитут белгілеу туралы шарттың нотариалды расталған көшірмесі;
3) сервитутты мемлекеттік тіркеу үшін алым мөлшерлемесінің төленгені туралы түбіртек.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз түріндегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға

болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мәртебесі мен тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді жүргізу, барлауға немесе өндіруге байланысты емес құрылыс және (немесе) жерасты ғимараттары үшін берілген жер қойнауының учаскелеріне

арналған сервитуттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

| Р/с № | Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы | Жұмыс режимі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Астана қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға . |
| 2 | Алматы қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 3 | Ақмола облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 4 | Ақтөбе облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 5 | Алматы облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 6 | Атырау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 7 | Жамбыл облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 8 | Батыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 9 | Қарағанды облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 10 | Қостанай облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 8.30-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14.00-ге . |
| 11 | Маңғыстау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында |

| | | |
|---|---|---|
| | | 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14.0 дейін. |
| 12 | Павлодар облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға . |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге . |
| 15 | Қызылорда облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге . |
| 16 | Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға . |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

## «Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының

жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды мемлекеттік тіркеу актісі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі осы 2-стандартқа қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) барлық қосымшаларымен қоса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (түпнұсқасы үш данада).

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және

**(немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпарат мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414 арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар .

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік органның қызметі» деген бөлімнің « Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен стандарттар» деген кіші бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

______________________________________________________________________

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы)

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды мемлекеттік тіркеу**
**АКТІСІ**

__________ қ. 20__ ж. «___» ________________

Осымен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының 20__ жылғы «___» ______________ тікелей келіссөздерінің хаттамасы негізінде жасалған

_____________________________________________________________________

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы)

және

_____________________________________________________________________

(мердігер)

арасындағы

______________________________________________ келісімшарт тіркеледі.

(тікелей келіссөздер объектісінің атауы)

Тіркеу № ___________

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі

«Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

| Р/с № | Облыстың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органы | Жұмыс режимі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Астана қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 2 | Алматы қаласының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 3 | Ақмола облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 4 | Ақтөбе облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 5 | Алматы облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Атырау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 7 | Жамбыл облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 8 | Батыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 9 | Қарағанды облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 10 | Қостанай облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14 дейін. |
| 11 | Маңғыстау облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 12.30-дан 14 дейін. |
| 12 | Павлодар облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |
| 15 | Қызылорда облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15 дейін. |
| 16 | Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес дем және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығ сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14 дейін. |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

**«Кеден одағы аумағының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты әкетуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Кеден одағы аумағының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты әкетуге рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

3) көрсетілетін қызметті беруші;

4) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 11 (он бір) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Кеден одағы аумағының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты табиғи немесе жасанды жеткізгіштермен әкетуге арналған рұқсат (бұдан әрі – рұқсат).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Қағаз жеткізгіште рұқсат алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік

қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) егер геологиялық ақпарат табиғи жеткізгіштерде болса, көрсетілетін қызметті берушіге:

еркін нысандағы өтініш;

геологиялық ақпаратты іріктеп алу актісі;

әкетілетін геологиялық ақпараттың тізбесі;

кеден зертханасының сараптамалық қорытындысы;

2) егер геологиялық ақпарат жасанды жеткізгіштерде болса, көрсетілетін қызметті берушіге:

еркін нысандағы өтініш;

әкетілетін геологиялық ақпараттың тізбесі;

3) егер геологиялық ақпарат табиғи жеткізгіштерде болса, порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

геологиялық ақпаратты іріктеп алу актісінің электрондық көшірмесі;

әкетілетін геологиялық ақпарат тізбесінің электрондық көшірмесі;

кеден зертханасының сараптамалық қорытындысының электрондық көшірмесі;

4) егер геологиялық ақпарат жасанды жеткізгіштерде болса, порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

әкетілетін геологиялық ақпарат тізбесінің электрондық көшірмесі;

жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал арқылы өтініш берілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының « жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәлімет көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайында орналасқан Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі,

орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтініш бере алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.kz және Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

13. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-33-05, 74-37-00. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

## «Жобалау ұйымы әзірлеген жер қойнауын пайдалану объектілерін жою немесе консервациялау жобаларын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жобалау ұйымы әзірлеген жер қойнауын пайдалану объектілерін жою немесе консервациялау жобаларын келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 15 (он бес) күнтізбелік күн;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – жобалау ұйымы әзірлеген жер қойнауын пайдалану объектілерін жою немесе консервациялау жобасын келісу-хат;

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) жер қойнауын пайдалану объектісін жою немесе консервациялау жобасы.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы « жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің орындалуы, жауабы немесе қараудан бас тарту туралы жаңартылып тұратын ақпаратты да ала алады.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» деген бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 35 19, 74 35 50. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы – 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

## «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингілеу

**саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасы бойынша қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингілеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасы бойынша қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) жұмыстардың мына түрлеріне арналған жобалау-сметалық құжаттама үшін:

алаңдарды жете зерттей отырып, геологиялық түсіру, бұрғылау жұмыстарынсыз геохимиялық – 10 жұмыс күні;

алаңдарды жете зерттей отырып, геологиялық түсіру, бұрғылау жұмыстарымен қоса геохимиялық – 13 жұмыс күні;

өңірлік геологиялық түсіру жұмыстары, түсіру кезіндегі жалпы іздестірулер, терең геологиялық карталау, геологиялық-минерагендік карталау және басқалары – 14 жұмыс күні;

жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың жай-күйін мониторингілеуді жүргізу – 6 жұмыс күні;

жер қойнауын геологиялық зерделеу бойынша іздестіру-бағалау жұмыстары – 18 жұмыс күні;

іздестіру-барлау жұмыстары – 12 жұмыс күні;

геофизикалық жұмыстар (сейсмобарлаудан басқа) – 10 жұмыс күні;

гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстар – 14 жұмыс күні;

сейсмобарлау жұмыстары – 13 жұмыс күні;

жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің мониторингін жүргізу бойынша жұмыстар – 11 жұмыс күні;

мұнай-газ және гидрогеологиялық ұңғымаларды консервациялау, жою бойынша жұмыстар – 11 жұмыс күні;

дала жұмыстарынсыз тақырыптық, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-әдістемелік, конструкторлық жұмыстар – 9 жұмыс күні;

дала жұмыстарымен қоса, тақырыптық, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-әдістемелік, конструкторлық жұмыстар – 11 жұмыс күні;

терең бұрғылау – 16 жұмыс күні;

құрылымдық бұрғылау – 10 жұмыс күні;

барлық жұмыс түрлеріне жеке бағалар каталогтары – 11 жұмыс күні;

уақытша жобалау-сметалық нормалар – 7 жұмыс күні;

геоэкологиялық жұмыстар – 11 жұмыс күні;

жобаны толықтыру (өзгерту) бойынша жұмыстардың сметалық құнының жиынтық есебін қайта есептеу – 5 жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 10 (он) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – осы стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингілеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасы бойынша қорытынды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) экономикалық сараптама жүргізуге еркін нысандағы өтініш;

2) барлық қосымшаларын қоса алғанда, республикалық бюджеттен

қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингілеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттама.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін (қолма-қол немесе пошта байланысы арқылы) тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы « жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі,

орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің орындалуы, жауабы немесе қараудан бас тарту туралы жаңартылып тұратын ақпаратты да ала алады.

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетіндердің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.geology.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» деген бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 19 50, 74 35 50. Бірыңғай байланыс орталығы – 1414 нөмірі бойынша.

«Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу және мониторингілеу саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың экономикалық сараптамасы бойынша қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

201__ жылғы «___» ________

**№ _____ экономикалық сараптама қорытындысы**

_______________________________________________ жобасы бойынша

Орындаушы: ______________________________________________

Жоспар бөлімі: ___________________________________________

Геологиялық тапсырма беруге негіздеме: ______________________

1. Жұмыстардың нысаналы мақсаты, объектінің кеңістіктік шекаралары:

2. Геологиялық міндеттер, оларды шешудің дәйектілігі және негізгі әдістері:

3. Күтілетін нәтижелер:

4. Жұмыстарды жүргізу мерзімі:

Жоба ______________________________________________ қаралды

Тексеруге ___________ теңге сомасына ЖСҚ ұсынылды.

Жобаның есептелген бөлігі мен смета бойынша мынадай ескертулер бар:

1 ________________________________________________________

2 ________________________________________________________

3 ________________________________________________________

**ҚОРЫТЫНДЫ**

_____________ жобасы бойынша жобаның есептелген бөлігін және сметаны ____________________________ теңге сомасында бекіту ұсынылады.

ЖСҚ _______________________________ бекіту үшін жіберіліп отыр.

Уәкілетті орган басшысы Т.А.Ә.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 153 қаулысымен бекітілген

**«Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған**

**келісімшарт (шарт) жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарды қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған келісімшарт (шарт) жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

келісімшарт (шарт) жасасу мүмкіндігі туралы хабарлама алған күннен бастап жобалау-сметалық құжаттаманы ұсыну мерзімі – 3 (үш) ай (көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің хабарламасында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні қалғанда өтініш берген жағдайда, мерзімді ұзарту, бірақ 6 (алты) айдан асырмай ұзарту мүмкіндігімен);

жобалау-сметалық құжаттамаға экономикалық оң сараптама берілгеннен кейін келісімшарт (шарт) жасасу – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге келісімшарт (шарт) жасасу.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі –

көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек күту тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

осы стандарттың қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтінім.

Көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттардың бәрін тапсырған кезде көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты туралы қойылған белгі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, «Транспорт Тауэр» ғимараты, 2117-кабинет, телефоны 8 (7172) 24-04-75, 29-08-48 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесіне пошта арқылы не қолма-қол жазбаша нысанда беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін, жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес

жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының: 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратты көре алады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі барысында жаңартылып отырады (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескерілетін өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жерлердің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің – www.geology.kz және Министрліктің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қолжетімділік режимінде алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 19 50, 74 35 50. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы – 1414.

«Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге келісімшарт (шарт) жасасу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
қосымша

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатындарын қоспағанда, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге келісімшарт (шарт) жасасуға**
**ӨТІНІМ**

1. Келісімшарттың мәні мен мақсаты: ____________________________________________

2. Жұмыстарды жүргізу мерзімі, сұралатын аумақтың кеңістік шекарасы, аумақтың ауданы: ____________________________________________
____________________________________________

| Бұрыштық нүктелердің № | Географиялық координаталары | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Солтүстік ендігі | | | Шығыс бойлығы | | |
| | градус | минут | секунд | градус | минут | секунд |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| … | | | | | | |

3. Заңды тұлғалар үшін:
өтініш берушінің атауы, оның орналасқан жері, мемлекеттік тиесілігі: ____________________________________________

өтініш беруші заңды тұлғаның басшылары және қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер: ____________________________________________

заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені және салық органдарында тіркелгені туралы құжаттардың көшірмелері (қоса беру қажет).

4. Жеке тұлғалар үшін:
өтініш берушінің тегі және аты, заңды мекенжайы, азаматтығы: ____________________________________________

өтініш берушінің жеке басын, өтініш берушінің салық органдарында тіркелгенін, өтініш берушінің кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері (қоса беру қажет).

5. Жер қойнауын геологиялық зерделеуді жүргізу үшін мамандандырылған техниканың және (немесе) құрал-жабдықтың бар-жоғын растайтын құжаттардың көшірмелері (қоса беру қажет).

6. Заңды тұлғалар үшін – штатында геологиялық мамандықтар

бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі бар маманның (мамандардың) б о л у ы .

7. Жеке тұлғалар үшін – геологиялық мамандық бойынша арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломның (куәліктің) көшірмелері (қоса беру қажет).

8. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу саласында тиісті жұмыстарды жүргізу үшін өтініш берушінің қаржылық мүмкіндіктерін растайтын екінші деңгейдегі банктен анықтама (қоса беру қажет).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК